


Бүгінгі күннің сауалы

- Сәуір айы жаңбырлы әрі салқын болды. Мамыр айында күн жылына ма екен? Батыс Қазақстан облысы бойынша алдағы айға арналған ауа райы болжамын білсем бола ма?



Динара ОСПАНОВА,
«Қазгидромет» РМК БҚО бойынша филиалы
метеоболжамдар бөлімінің басшысы:

- Облыс аумағында сәуір айы ауа температурасының жиі ауытқуымен, желдің күшеюімен және мезгіл-мезгіл жауын-шашынның

жаууымен сипатталған тұрақсыз ауа райын көрсетті. Себебі мұндай ауа райы Батыс Қазақстан облысы аумағына енетін Атлантикалық, Жерорта теңізі циклондары мен солтүстіктен келетін суық ауа массаларының жиі ауысуына байланысты болды. Бірақ бұл ерекше немесе бірреттік құбылыс емес, мұндай жағдайлар бұрын да болған. Көктемгі жылындың баяу жүруі, қысқа мерзімді жылындан кейін суық ауа массаларының қайта-қайта келуіне байланысты 2026 жылғы сәуір айындағы температуралық фон соңғы жылдармен салыстырғанда төмен деп айтуға болады. Осылайша ағымдағы синоптикалық жағдай ерекше құбылыс болып табылмайды және аймаққа тән қайталанатын климаттық көрсеткіштерге сәйкес келеді.

«Қазгидрометтің» ұзақ мерзімге арналған болжамы бойынша мамыр айында орташа ауа температурасы +17,1, +19,8°C шамасында болады, бұл қалыпты шамадан (норма) 1-2°C жоғары (норма: +15,6, +18,4°C).

Бірінші онкүндікте түнгі ауа температурасы +5, +10°C-тан +10, +15°C-қа дейін, күндіз +17, +22°C-тан +23, +28°C-қа дейін біртіндеп жоғарылайды. Онкүндік соңында түнде +3, +8°C-қа дейін, күндіз +19, +24°C-қа дейін төмендейді.

Екінші онкүндікте түнгі ауа температурасы +3, +8°C-тан (топырақ бетінде 1°C дейін үсік болуы мүмкін) +12, +17°C-қа дейін, күндіз +15, +20°C-тан +26, +31°C-қа дейін жоғарылайды. Кейін түнде +12, +17°C-тан +7, +12°C-қа дейін, күндіз +26, +31°C-тан +19, +24°C-қа дейін ауытқуы мүмкін.

Үшінші онкүндікте түнгі ауа температурасы +6, +11°C-қа дейін, күндіз +20, +25°C-қа дейін төмендейді. Кейін түнде +18, +23°C-қа дейін, күндіз +32, +37°C-қа дейін біртіндеп жоғарылайды.

Айлық жауын-шашын мөлшері норма шамасында болмақ (норма: 18-35 мм). Бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің басы мен соңында, үшінші онкүндіктің басында жиі-жиі жаңбыр жауып, күн күркірейді. Шаңды дауыл бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басы мен соңында, тұман екінші онкүндіктің басында болуы мүмкін. Мамыр бойы желдің жылдамдығы 15-20 м/с шамасында болады.

ТОО «Аккайн Operating» келесі әкімшілік аумақтарда «Қазақстан Республикасы Батыс Қазақстан облысындағы Березовский учаскесінде көмірсутектерді барлау жобасына» арналған «Ықтимал әсерлер туралы есеп» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды:

- 10.06.2026 ж. сағат 10:00-де Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы, Шыңғырлау ауылында Қылышев көшесі 114/1 мекенжайында орналасқан «Аманат» партиясының ғимаратында;

- 10.06.2026 ж. сағат 16:00-де Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының мәдениет үйінде (Ақсай қ., Әл-Фараби, 95 мекенжайы бойынша).

Барлық құжаттамалар <https://ndbecology.gov.kz> «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында орналастырылған, сонымен қатар «Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар мен табиғатты пайдаландыру реттеу басқармасы» ММ сайтында орналасқан.

Январцев орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі КММ-ның Дариян, Рубежин, Январцев, Кирсанов орманшылықтарының Орал-Кирсанов тасжолы бойындағы мемлекеттік орман қоры аумағында 2026 жылдың 1 мамыр - 1 тамыз аралығында кешкі-түнгі мезгілде «Магтоксин» ЖШС

Қоғамдық тыңдауда қарастырылатын құжаттар бойынша ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» сайтында және tabigat_zko@mail.ru поштасына қоғамдық тыңдау өткізілгенге дейін 3 жұмыс күн бұрын қабилданады.

ZOOM платформасында онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

<https://zoom.us/j/7555913367?pwd=INduli0zz5abDkFlVJitYSQ2pwNo5N.1&mn=98489729518>

Конференцияның идентификаторы: 755 91 3367, Қолжетімділік коды: 593597.

Тапсырыс беруші - ТОО «Аккайн Operating», 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 60/4, БСН 251140034764.

Жобаны әзірлеуші - «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС Атырау филиалы, 060097, Атырау қ., Нұрсая ықшам ауданы, Елорда даңғылы, 10., БСН 180541015056

Құжаттар бойынша қосымша ақпаратты мына мекенжай бойынша алуға болады: A.Amrina@kmge.kz, тел.: 87122 556633 (ішкі номер. 2217).

қылқан жапырақты және жалпақ жапырақты тұқымдылардың зиянкестеріне қарсы жерүсті күрес шаралары жүргізілетін болады. Тұрғындарды, омарташыларды орман екпелеріне баруды және орман екпелерінің маңына мал жаюды шектеу туралы сұраймыз.



Адал еңбегімен абыройлы болды

Орал қаласы Желаев селолық округінің тұрғыны болған Мақсұт Жүсіпәліұлы Рахимов 1938 жылы 15 наурызда Жаңақала ауданы Факей елді мекенінде өмір есігін ашқан. Орта мектепті бітірген соң, Орал қаласындағы ауыл шаруашылығы техникумын тәмамдап, көп жыл БҚО сельхозтехника бірлестігінде қатардағы қызметкер, инженер-механик қызметін атқарып, 1998 жылы зейнеткерлікке шығады.

2000 жылдан бастап, Желаев кенттік округі ардагер ұйымының төрағасы қызметін атқарып, ауыл тұрғындарымен тығыз байланыста болды. Аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп, ерекше көңіл бөліп, қол ұшын созған ардагер.

Өмірлік серігі Кеңжеқыз Сәрсенқызымен ұл-қыз тәрбиелеп өсірді, немере-жиендер бар. Еліне сыйлы азамат 2021 жылы 8 мамырда өмірден өтті. Өмірде адамгершілік пен адал еңбекті бәрінен биік қойған ардагеріміздің иманы саламат болып, нұры пейіште шалқығай.

Еске алушылар: Желаев селолық округі ардагерлері ұйымының атынан Ермек ЖҰМАҒАЛИЕВ

«Жайықтың» кезекті жүлдесі

Өңір намысын абыроймен арқалап жүрген «Жайық» волейбол клубы биылғы Қазақстан Республикасының шемпионатында қола жүлдеге ие болды. Маусым бойы тұрақты ойын өрнегін көрсеткен оралдық команда шешуші кезеңде де өз деңгейінен табылып, жанкүйер сенімін ақтады.

Үшінші орын үшін өткен тартысты бәсеке шемпионат регламентіне сәйкес екі жеңіске дейін жалғасты. Қарсылас - Атырау командасы. Тәжірибелі бапкер Виктор Козиктің шәкірттері қос кездесуде де басымдық танытты. Алғашқы ойында 3:1 есебімен жеңіске жетсе, екінші матчта 3:0 есебімен басым түсті. Дегенмен есепке қарап, ойындарды жеңіл өтті деу шындыққа жанаспайды. Әр партияда алаңдағы тартыс жоғары деңгейде өрбиді. Ұпай айырмашылығының аз болуы қос команданың да жеңіске деген жігерінің мықтылығын аңғартты. Ұзаққа созылған доп алмасулар мен шешуші сәттердегі салқынқандылық ойын тағдырын айқындап отырды. Әсіресе «Жайық» капитаны Виталий Вороводин мен Никита Алексеев және либеро Евгений Гофтың сенімді ойыны жеңіске бастады. Ал бас бапкер Виктор Козиктің қажетті сәттерде жасаған тактикалық шешімдері көрші облыс командасының шабуылдарына тосқауыл қойып отырды.

Бұл нәтиже жүйелі дайындық пен бапкерлер жұмысының нақты көрінісі. Сонымен қатар ойыншылардың ұйымшылдығы мен ортақ мақсат жолындағы бірлігі команданың басты артықшылығына айналды. Айта кету керек, «Жайық» клубы өткен маусымда ел шемпионы атанған еді. Биыл да жүлделі орыннан көріну ұжымның тұрақты жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл - кездейсоқ жетістік емес, ұзақ мерзімді еңбектің заңды жемісі.

Алдағы айда оралдық команда азия шемпиондар лигасында ел намысын қорғайды. Халықаралық додада да «Жайықтың» жарқын ойын өрнегін көрсетіп, қазақ волейболының абыройын асқақтата түсетініне сенім мол. Сөз жоқ, бұл жетістік өңір спортын дамытуға тың серпін беріп, жас буынға жігер сыйлайды. Жеңіс жолын жалғаса «Жайық» ұжымы әлі талай биіктерді бағындыра бергей...

Арал БОЛПЫШҰЛЫ,
Орал қаласы

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49VPU00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:

Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН

Нұртай ТЕКЕБАЕВ,

Гүлсезім БИЯШЕВА

(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14.

Бас редактор 51-25-80.

Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08.

Жауапты хатшы 54-38-22.

Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09.

Эл. пошта:

zhaikpress-reklama@mail.ru

Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды.

Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады.

А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óirí» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2.

Телефон: 8 (7132) 400-400, 8(7132) 545-545.

Индексі: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 9190

4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: Н. СҰЛТАНОВА,

А. ШОҢЫРАЕВА

Кезекші редактор: Н. ҒҰМАР